

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 168 (9230) | 1953 жылғы 22 август Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қалалық XVIII партия конференциясы

Бүгін Петропавл қалалық XVIII партия конференциясы ашылады. Бұл конференцияда қалалық басшы партия органдарының өсебі тыңдалады, оның жаңа құрамы сайланады.

Қалалық XVIII партия конференциясы совет халқы данышпан Коммунистік партияның басшылығымен партияның XIX съезінің тарихи қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізіп жатқан жағдайда, совет адамдары ЦСРО Жоғарғы Советінің V сессиясының тарихи қарарларын қуанышпен қабылдап, коммунизмнің салтанаты жолында жанқиярлықпен еңбек етіп жатқан жағдайда өткізіледі отыр. Еліміздің еңбекшілері туысқан Коммунистік партияның басшылығымен съезд қарарларын мүлтіксіз орындап, коммунизмнің сәулелі жолына жету үшін табысты күрес жүргізуде.

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын бүкіл совет адамдарының бірауыздан мақұлдап қабылдауы партия мен халқымыздың берік бірлігін, Совет Одағы халықтарының мызғымас достығын, олардың Коммунистік партияға, Совет Үкіметіне және Советтік Отанмызға шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігін айқын сыйнап тады.

Еліміздің еңбекшілері Коммунистік партияның Орталық Комитетінің және Совет Үкіметінің данышпандық басшылығымен коммунизмнің салтанатына қарай шексіз сеніммен алаға басуда.

Қалалық XVII партия конференциясынан бері өткен бір жыл ішінде қаланың партия ұйымы партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, партиялық-ұйымдық, партиялық-саясат және идеологиялық жұмыстарды жақсартуда, бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық ролін арттыруда кейбір табыстарға ие болды, мұның өзі қала өнеркәсіп орындары көпшілігінің өндірістік жоспарларды және социалистік міндеттемелерін табысты орындауына жағдай туғызды. Қаланың өнеркәсіп орындары 1952 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімін шығару жоспарын 101,1 процент орындады, өткен жылғы өнеркәсіп өнімін өндіру 1951 жылмен сә-

мі мен еңбекшілерінің бір жыл ішінде қол жеткен табыстарын қорытумен бірге, жұмыста орын алған кемшіліктердің, ол кемшіліктердің орын тебу себептерінің бетін ашады және ондай кемшіліктерді жоюдың жолдарын белгілейді. Қалалық партия конференциясы осы міндеттер дәрежесінде болу үшін принципті сын мен өзара сынның кең өрістеген жағдайда өтуі шарт. Егер конференция сын және өзара сын ұранымен идеялық жоғары дәрежеде өтсе, ол қала партия ұйымының алдында тұрған айбынды міндеттерді айқын белгілеп, ол міндеттерді ойдағыдай орындаудың нақты жолдарын көрсете алады.

Біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндеттер — коммунизм орнату жолында барған сайын жаңа табыстарға жете беру, қоғамның материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыру, совет адамдарын интернационализм рухында, халықтардың достығы рухында тәрбиелеу, Советтік Отанмызды оның жауларының агрессиялық қыймылдарынан бекетке қорғауды барынша нығайта беру. Сол сияқты, Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің бүгін таңда алға қойып отырған ең негізгі міндеттерінің бірі — халқымыздың әл-ауқат және мәдениет дәрежесін мейлінше жақсарту. «Шұғыл міндет мынада: 2—3 жылдың ішінде халықтың азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен — ет және ет тағамдарымен, балық және балық тағамдарымен, маймен, қантпен, кондитер тағамдарымен, маламен, киіммен, аяқкиіммен, ыдыспен, мебельмен және мәдени-тұрмыс, үй қажетінің басқа да заттарымен қамтамасыз етілуі шұғыл арттырылсын, елдің халық тұтынатын барлық товарлармен қамтамасыз етілуі едәуір арттырылатын болсын» (Г. М. Маленков).

Осы міндетке сәйкес, қалалық партия конференциясы қала партия ұйымының халық тұтынатын заттар өндіретін кәсіп орындарына, сауда, көпшілік тамақтандыру, коммуналдық шаруашылық орындарына басшылық жасауында орын алған кемшіліктердің бетін ашып, ол орындардың жұмысын жақсартуға бағытталған нақты шаралар белгілеуге тиіс.

Жоғарыда партия-ұйымдық, партия-саясат және идеологиялық жұмыстарда

Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының Москваға келуі

20 августа Москваға Совет Үкметінің шақыруы бойынша Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы келді. Делегацияны Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі О. Гротеволь бастап келді. Делегацияның құрамына мыналар кіреді: премьер-министрдің орынбасары В. Ульбрихт, премьер-министрдің орынбасары О. Нухке, премьер-министрдің орынбасары және құрылыс министрі доктор Л. Болц, премьер-министрдің орынбасары және финансы министрі доктор Г. Лох, демократиялық Германияның Ұлттық майданы Ұлттық советінің председатели профессор З. Корренс, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председатели В. Лейшнер, еркін немес кәсіподақтары Бірлестігінің председатели Г. Варнке, еркін немес жастары Одағының орталық советінің председатели Э. Кохекер, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Г. Рейхельт, сыртқы және ішкі Германия сауда министрі К. Грегор, металлургия және кен-руда өнеркәсіп министрі Ф. Зельбманн, ГДР-дің Москвадағы дипломатиялық миссиясының басшысы Р. Апфельт, Германияның демократияшыл әйелдер одағының өкілі И. Тиле, ГДР сыртқы істер министрлігінің қызметкері П. Флори, делегацияның секретары — Л. Эйзерман. Делегациямен бірге ГДР сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімінің бастығы Ф. Тун келді.

Орталық аэродромда келгендерді ЦСРО Министрлер Советі Председателинің Бірінші Орынбасары және ЦСРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ЦСРО Министрлер Советі Председателинің Орынбасары және ЦСРО Ішкі және сыртқы сауда министрі А. И. Микоян, ЦСРО Министрлер Советінің Мемлекеттік жоспарлау комитетінің Председатели М. З. Сабуров, ЦСРО Сыртқы істер министрлігінің орынбасары А. А. Громыко, ЦСРО Ішкі және сыртқы сауда министрінің орынбасары И. Г. Кабанов және С. А. Борисов, ЦСРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары, елші В. С. Семенов, Москва Советінің председатели М. А. Яснов, Москва қаласының коменданты генерал-лейтенант К. Р. Синилов, ЦСРО Сыртқы істер министрлігінің Үшінші европалық бөлімінің меңгерушісі, коллегияның мүшесі Г. М. Пушкин, ЦСРО Ішкі және сыртқы сауда министрлігінің ГДР-дегі өкілі И. Ф. Семичастнов, ЦСРО Сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы В. В. Пастоев, сонымен қатар, ЦСРО Сыртқы істер министрлігі мен ЦСРО Ішкі және сыртқы сауда министрлігінің және басқа жауапты қызметкерлері қарсы алды.

Келгендерді, сонымен қатар, Герман Демократиялық Республикасының дипломатиялық миссиясының басшысы Р. Апфельт дипломатиялық миссияның басқа мүшелерімен бірге, Болгар Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі С. Благоева, Венгер Халық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі А. Складан, Корея Халық-Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді елшісі Нгуэн Лонг Банг, Қытай Халық Республикасының Уақытша Елшісі Гэ Бао-цюань, Румын Халық Республикасының Уақытша Елшісі Ш. Дуку, Польша Халық Республикасының Уақытша Елшісі А. Малэцкий, Чехословак Республикасының Уақытша Елшісі Д. Ечны, Монғол Халық Республикасының Уақытша Елшісі И. Лувсанчултэм, Албан Халық Республикасының Уақытша Елшісі У. Люле қарсы алды.

Қарсы алу кезінде құрметті қарауыл қойылып, Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының Мемлекеттік Гимндері орындалды.

Аэродром Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының Мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

(СОТА).

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының егіншілері егін жыйнау мен астық дайындауда көрнекті табыстарға ие болуда.

Егінші жолдастар! Озаттардың үлгісі бойынша социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, егіннің тез әрі ысырапсыз жыйналуын, мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық тапсыру жоспарының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етейік!

Союзсельхозавтотранстың Қазақ республикалық бөлімшесі мен Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің автомашина жүргізушілерін, инженерлерін, техниктерін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1953 жылдың астық өнімін Заготзерноның пункттеріне тасу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы үлгілі орындағаны үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградталсын:

1. **Артамонов Михаил Константинович** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы № 2 автобазасының шофері.

2. **Берсүгіров Керім Тойшыбекұлы** — Лепсі-Андреевка жол пайдалану участогінің бастығы.

3. **Богадаров Петр Архипович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Талдықорған авторотасының шофері.

4. **Губарев Иван Илларионович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Талдықорған авторотасының шофері.

5. **Гуров Павел Григорьевич** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы № 3 автобазасының шофері.

6. **Демидов Степан Егорович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Жамбыл авторотасының слесарі.

7. **Егорин Геннадий Сергеевич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Алматы авторотасының шофері.

8. **Журумский Всеволод Антонович** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Семейдегі автобазасының шофері.

9. **Иваненко Федор Германович** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Жамбылдағы № 1 автобазасының шофері.

10. **Карболин Петр Александрович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Алматы авторотасының шофері.

11. **Корж Петр Евдокимович** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы № 2 автобазасының шофері.

12. **Ностенко Михаил Егорович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Шымкент автобазасының шофері.

13. **Кузнецов Константин Иванович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Алматы ав-

15. **Мамотин Степан Фомич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Шымкент автобазасының шофері.

16. **Марков Виктор Степанович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Шымкент автобазасының шофері.

17. **Падалко Никандр Гордеевич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Алматы авторота-сының шофері.

18. **Петухова Мария Лаврентьевна** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы аккумулятор зауытының дайындау цехының жұмысшысы.

19. **Рыбалко Иван Прокофьевич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Жамбыл авторотасының слесарі.

20. **Санардин Никифор Константинович** — Лепсі-Андреевка жол пайдалану участогінің жол мастері.

21. **Ткаченко Василий Иванович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Жамбыл авторотасының шофері.

22. **Толмачев Иван Григорьевич** — Молалы-Сарқанд жол пайдалану участогінің жол мастері.

23. **Тучин Андрей Максимович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Шымкент автобазасының шофері.

24. **Федосов Иван Митрофанович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Алматыдағы № 2 автобазасының шофері.

25. **Цой Павел Иванович** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Жамбылдағы № 1 автобазасының бастығы.

26. **Чайников Николай Яковлевич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Жамбыл авторотасының шофері.

27. **Шеншербеков Күзбай** — Қазақ ССР Жол және транспорт шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы № 3 автобазасының шофері.

28. **Шевцов Василий Андреевич** — Казсоюзсельхозавтотранстың Талдықорған авторотасының шофері.

29. **Шитов Николай Федорович** — Казсоюзсельхозавтотранстың Жамбыл авто-

лыстырғанда 13,2 процент артты. Еңбек өнімділігінің өзіндік құнын кеміту, рационализаторлық ұсыныстарды қолдану нәтижесінде қала өнеркәсіп орындарында 7 миллион сомдай мемлекет қаржысы үнемделді. Қаланың өнеркәсіпорындарында жабдықтарды пайдалану, электр қуатын, отынды үнемдеу ісі едәуір жақсарды.

Сол сыяқты, қала шаруашылығын өркендетуде, Петропавл темір жол бөлімшесінің жұмысын жақсартуда, финансе, халық ағарту, денсаулық сақтау, коммуналдық шаруашылық салаларында да едәуір табыстарға қол жетті.

Алайда, қала партия ұйымының барлық жұмысы бүгінгі күннің талабына сай деуге болмайды. Демек, қала партия ұйымының шаруашылықтың түрлі салаларына басшылығы әлі де төмен дәрежеде. Осының салдарынан қалада жұмысы артта қалған өнеркәсіп, құрылыс, сауда және коммуналдық шаруашылық орындары әлі де аз емес.

Сол сыяқты, қала партия ұйымдарының партиялық-ұйымдық және партиялық-саясат жұмыстарында да елеулі кемшіліктер бар. Идеологиялық жұмыстардың ролін жете бағаламаушылық қала партия ұйымында әлі толық жойылған жоқ. Қадрларды іріктен алу, орналастыру және тәрбиелеу ісінде де елеулі кемшіліктер жоқ дей алмаймыз.

Бүгінгі ашыларды отырған қалалық партия конференциясы қала партия ұйы-

елеулі кемшіліктер бар деді. Конференция бұл жұмыстардың жайын терең талқылап, оларды жақсартудың жолдары мен әдістерін де белгілеуге тиіс.

Сол сыяқты, бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық ролін арттыру, коммунистердің белсенділігі мен қырағылығын арттыру, олардың оқуы, комсомолға партия басшылығы мәселелеріне конференция делегаттары баса көңіл бөлетін болсын.

Партия конференциясының басты міндетінің бірі — қаланың басшы партия органының құрамына, оның басшы қызметіне лайықты, іскер және беделді адамдарды сайлау болып табылады. Өздерінің Уставтағы праволарын толық пайдаланып, қаланың басшы партия органының құрамына, оның басшы қызметіне партия жұмысын жақсы білетін, сауатты, іскер және мұндай басшы жұмысқа лайықты коммунистерді сайлау — коммунист-делегаттардың абройлы міндеті.

Қалалық партия конференциясының және оның делегаттарының міндеті — партиялық сын мен өзара сынды кең өрістетіп, жұмыстағы кемшіліктерді жоюдың, партиялық-ұйымдық, партиялық-саяси жұмыстарды бұдан былай да жақсарту берудің жолдарын, 1953 жылдың мемлекеттік тапсырмаларын және социалистік міндеттемелерді толық және артығымен орындауды қамтамасыз ететін шаралар белгілеу.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясын қабылдауы

20 августа ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясын — премьер-министр Отто Гротевольді, премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихті, премьер-министрдің орынбасары Отто Нушкені, премьер-министрдің орынбасары және құрылыс министрі Лотар Больцті, премьер-министрдің орынбасары және финансе министрі Ганс Лохты, Демократияшыл Германияның Ұлттық майданы Ұлттық советінің председателі профессор З. Корренсті, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Бруно Лейшнерді, еркін неміс кәсіподақтары Бірлестігінің председателі Герберт Варнкені, еркін неміс жастары Одағының орталық советінің председателі Эрих Хонекерді, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Ганс Рейхельтті, сыртқы және ішкі Германия сауда министрі Курт Грегорды, металлургия және аен-руда өнеркәсіп министрі Фриц Зельбманнды, ГДР-дің Москвадағы дипломатиялық миссиясының басшысы Рудольф Аппельтті, Германияның демократияшыл әйелдер одағының өкілі Ильза Тилені, ГДР сыртқы істер министрлігінің қызметкері Петер Флорнді қабылдады.

Беліссөздерге совет жағынан: В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров жолдастар, Финансе министрі А. Г. Зверев, Ішкі және сыртқы сауда министрінің орынбасары Н. Г. Кабанов, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары, елші В. С. Семенов, ССРО Сыртқы істер министрлігі коллегиясының мүшесі Г. М. Пушкин қатысты.

Беліссөздер тым сенімді, достық жағдайда өтті.

(СОТА).

В. М. Молотовтың Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі О. Гротевольді қабылдауы

20 августа ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольді қабылдады.

Қабылдауда ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары, елші В. С. Семенов болды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошиловтың Индияның бейнелеу искусствосы көрмесінде болуы

Кеше, 20 августа, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов ССРО Мәдениет министрі Н. К. Пономаренкомен, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. М. Пеговпен, ССРО Сыртқы Істер министрлігінің Орынбасары В. А. Зоринмен және ССРО Мәдениет министрінің орынбасарлары С. В. Кафановпен, Н. Г. Большаковпен бірге ССРО Көркемсурет академиясының көрме залдарына орналастырылған Индияның бейнелеу искусствосының көрмесінде болды.

К. Е. Ворошиловты және оған еріп келген адамдарды Индияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі К. П. Ш. Менон, сурет және бейнелеу искусствосының Бүкіліндиялық қоғамының Күрметті Бас Секретары Барада Укил, көрмемен ССРО-ға келген Индия суретшілерінің делегациясы, Москва суретшілерінің ССРО Көркемсурет академиясының Президенті А. М. Герасимов бастаған өкілдері қарсы алды.

К. Е. Ворошилов Индия суретшілерінің суреттері мен скульптураларын 2 сағат бойына қарады.

(СОТА).

Мемлекет алдындағы бірінші парыз—астық дайындауды аброймен орындайық

Облыс колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы туралы

Осы жылғы 15 августағы мәлімет (Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Жыйналған күздік және жаздық дақылдар	Жыйналған тұқымдық шопп	Мемлекетке тапсырылған астық
Петропавл	36,7	60,0	27,9
Соколов	32,9	18,9	11,1
Приешім	29,8	49,4	15,4
Мамлют	27,0	61,6	14,0
Кониюхов	26,8	50,9	15,9
Ленин	26,6	59,7	10,9
Преснов	26,0	50,4	16,8
Полудень	25,7	61,4	10,3
Октябрь	24,7	60,0	15,0
Совет	21,8	55,0	13,3
Булаев	15,4	51,9	6,4
Совхоздар бойынша	35,5	93,3	22,5


Егін сапалы жыйналуда

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары мен механизаторлары егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу жолындағы ақмоалалықтардың шақыруына нақтылы іспен жауап беруде. Комбайншы С. Таппин және З. Сембаев жолдастар тіркеудегі 2 «Сталинец—6» комбайндарымен 1400 гектар егін жыйнауға серт берген-ді. Көзіргі кезде олар алған міндеттемелерін сөзсіз орындап шығу жолында өнімді еңбек етіп, күн сайын 40—45 гектардан егін жыйнайды.

Осы сыяқты өздігінен жүретін комбайнмен жұмыс істеуші Хамитов жолдас та күнделік жұмыс тапсырмасын 150 процентке дейін орындайды.

Комбайншылар егіннің таза жыйналуына жете көңіл бөліп келеді.

Ә. ИБРАГИМОВ.



Қыялы астық совхозының қырмандарында жұмыс күні-түні қызу жүргізілуде.

СУРЕТТЕ: қырманда астық тазалау кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Астық тапсыру жоспарын орындады

Тоқшы совхозының жұмысшылары мен механизаторлары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған Заңдармен және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдасының сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, егін жыйнау және мемлекетке астық дайындау жұмыстарының қарқынын еселеп күшейтті. Совхоздың астық қырмандарында жұмыс күні-түні бірдей ұйымдастырылып, комбайндардан қабылданған астық дереу дайындау пункттеріне жөнелтіліп отырылды.

Әресе, комбайншылар мен тракторшылар қажырлылықпен жұмыс істеді. Олар комбайн агрегаттарының тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Механизаторлар, әресе, егіннің ысырапсыз жыйналуына жеткілікті көңіл бөліп келеді.

Коллектив мүшелерінің егін даласында еселеген қарқынмен еңбек етулері совхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызды — астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауына толық жағдай жасады. Совхоз 21 августа дейін мемлекетке астық тапсыру жоспарын 101,6 процент орындап шықты. Сөйтіп, коллектив мүшелері жаңа табысқа ие болып отыр.

Совхозда тұқым дайындау және мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде.

тасының елесарі.

30. Яровой Леонид Иванович—Газсоюз-сельхозавтотранстың Жамбыл автототасының шофері.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары үшін А. НЕКЛЮДОВ.

Алматы қаласы, 19 август, 1953 жыл.

Қазақ және ұйғыр тілдеріндегі оқулықтар

Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы және оқу жылы қарсаңында қазақ және ұйғыр тілдерінде 93 оқулық басып шығарды. Бұлардың жалпы тиражы — 3 миллион 132 мың дана.

Жаңа оқулықтар республика қалаларының, аудан орталықтарының, ауылдар мен селолардың сауда орындарына

жөнелтілді. Олар көзір кеңінен сатылып жатыр.

Қазақ тіліндегі оқулықтар Өзбек және Қырғыз ССР-леріне, Қарақалпақ АССР-не, Астраханьға, Барнаулға, Новосибирьге, Омскіге ондағы жергілікті қазақ мектептері үшін жіберілді. (ҚазТАГ).

Қарқын үдей түсуде

Октябрь ауданындағы «Қызылту» колхозының егін даласында комбайншы К. Әбішев қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Ол бір «Сталинец—6» комбайнымен бір күнде 25—30 гектардан егін жыйнайды. Әбішев жолдас бұл сыяқты табысқа агрегат мүшелері арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыру арқылы жетісіп келеді.

Б. ҚАСЫМОВ.

Осы аудандағы Чапаев атындағы колхозда жұмыс істейтін комбайншы Фогель жолдас егін жыйнауда басқалардан үздік келеді. Ол бір «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 15—20 гектардың егінін жыйнайды. Бұдан комбайншылар Османов, Куликов және Хамло жолдастар да қалыптасып емес. Соңғы бір күні колхозда—4 комбайнмен 70 гектар егін жыйналып, мемлекетке 720 пұт астық тапсырылды.

М. МУСИН.

900 гектар егін жыйнамақ

Приешім ауданының «Востандық» колхозында Ленин атындағы МТС-тің комбайншысы Кониюхов жолдас жұмыс істегелі бірнеше жыл болды. Ол егінді ысырапсыз жыйнауда жыл сайын үздік табысқа жетіп келеді. Өткен жылы бір «Сталинец» комбайнымен 800 гектар егін жыйнады.

Кониюхов жолдас ССРО Жоғарғы Советінің V-сессиясының қарарлары және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдасының сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, быыл 900 гектар егін жыйнауға серт берді. Ол берген сертін орындау үшін комбайнның тәулігіне 20 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, бір күнде екі норма орындап жүр. Колхоз басқармасы комбайн агрегатының өнімді жұмыс істеуін барлық жағынан қамтамасыз еткен.

Е. МУСИН.

Партия ұйымдарында

Есеп беру-сайлау жыйналысы

«Победа» колхозы Булаев ауданы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы коммунистердің зор белсенділігімен өтті. Олар сын мен өзара сынды кеңінен өрістетте отырып, ұйымның, оның секретары бекжанов жолдастың жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынап, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Жыйналыста сөйлеген коммунистер партия ұйымы колхоз басқармасының жұмысына бақылау правосын толық пайдалана алмағандығына тоқталды. Сонымен бірге, олар комсомол ұйымының және обком Советінің жұмысына партия ұйымының басшылығы жеткіліксіз болып келгендігін айтты.

Жыйналыста партия ұйымының жаңа сайланған секретарынан партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін мейлінше жақсартуды, осының негізінде коммунистердің белсенділігін арттыра беруді, колхоздың экономикасын оған әрі нығайту, колхозшылардың материалдық және мәдени тұрмысын арттыра беру мақсатын қамтамасыз етуді талаш етті.

Партия ұйымының секретарлығына Әбіқалықов, секретардың орынбасарлығына Мейманов жолдастар сайланды.

Партия ұйымдары секретарларының семинары

Жақында ҚКП Преснов аудандық комитеті колхоз, совхоз және мекеме бастауыш партия ұйымдары секретарларының семинарын өткізді. Оған 38 адам қатысты.

Семинарға қатысушылар партия жыйналысын дайындау және оны өткізу практикасы туралы «Жизнь» колхозы партия ұйымының секретары Загребельный жолдастың, коммунистерге партиялық тапсырмалар берудің әдістері туралы Молотов атындағы колхоз партия ұйымының секретары Давыдов жолдастың баяндамаларын тыңдап, бұл жөнінде өзара пікір алды.

Сонымен қабат, партия ұйымының секретарлары семинарда, бастауыш партия ұйымының колхоз басқармасының, МТС дирекциясының жұмысына бақылау жасау правосы, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру кезіндегі саяси үгіттің міндеттері жөнінде баяндамалар тыңдап, түсінік алды.

Семинардың соңында ҚКП аудандық комитетінің секретары Долженко жолдас сөз сөйлеп, партия ұйымдарында партиялық және идеологиялық жұмыстың жайы жақсарту жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Үгітшілердің кусталық кеңесі

Булаев аудандық партия комитеті Бу-

КОМСОМОЛ ТҮРМЫСЫ

Комсомолецтер мен жастардың социалистік жарысын кеңінен өрістетейік

(ҚЛКЖО облыстық комитетінің пленумынан)

Жуырда ҚЛКЖО облыстық комитетінің пленумы БЛКЖО Орталық Комитетінің XII пленумының «Куйбышев облысы комсомол ұйымының ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын орындау жөніндегі социалистік жарысқа қатысу туралы» қарарының орындалуы жөнінде Преснов аудандық комсомол комитетінің секретары Сунгатуллина жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеуші жолдастар облыс комсомолецтері мен комсомолда жоқ жастардың бесінші бесжылдық жоспарды орындау жолындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарын атап көрсетумен бірге, социалистік жарысқа басшылық жасауда орын алған кемшіліктердің бетін ашты. Мысалы, БЛКЖО Орталық Комитетінің XII пленумының қаулысы Преснов ауданының бастауыш комсомол ұйымдарының көпшілігінде талқыланбаған. Аудандық комитет комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастарды социалистік жарысқа толық ұнтастыра алмай отыр. Аудандық комитеттің бюро мүшеліктерінде социалистік жарыс мәселелері жөнінде арнаулы мәселелер қаралмайды. Міне, сондықтан да Сунгатуллина жолдас аудан комсомолецтері мен жастардың социалистік жарысқа қалай ұнтасып отырғандығын толық баяндай алмай, өз баяндамасында бұл жұмыста орын алған кемшіліктердің тізбеген айтпн шығумен ғана тынды.

Пленумға қатысушылар баяндамада айтылмаған мәселелерді қосымша баяндама жасаушы облыстық комсомол комитетінің село жастары бөлімінің меңгерушісі Грибачев жолдас қамтып, оған толық тоқталар деп күткен еді. Бірақ, оның қосымша баяндамасы да жалаң фактілер дәрежесінде асып кете алмады.

Облыс комсомолецтері мен жастары бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау күресінде қажырлы еңбек етуде. Олар ССРО Жоғарғы Советінің

V сессиясының қарарларын, Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор қуанышпен қарсы алды. Олай болса, комсомол ұйымдары жастардың күн санап өсіп отырған белсенділігін үнемі қолдан, олардың социалистік жарысына нақтылы басшылық етуге тиіс. Еңбектің озат әдістері көпшіліктің игілігіне айналдырылуы қажет. Пленумда сөз сөйлеген ҚЛКЖО қалалық комитетінің секретары Шәкірәв жолдас өзінің сөзін, міне, осы мәселеге арнады.

ҚЛКЖО Соколов аудандық комитетінің секретары Иномарев жолдас облыстық комсомол комитетінің басшылық етіліміндегі кемшіліктерді орынды сынады. Комсомолецтер мен жастардың социалистік жарысын ұйымдастыруда, деді ол, біздің кемшіліктеріміз аз емес. Егер облыстық комитет, оның басшы қызметкерлері өз істерінде қағаз бастылыққа салынбай, аудандарда жиі болып, нақтылы басшылық етсе, біздің кемшіліктеріміз анағұрлым кем болар еді.

Ленин аудандық комсомол комитетінің секретары Коваленко жолдас аудан жастарының социалистік жарысын ұйымдастырудағы жұмыс әдісін ортаға салды.

Облыстық комсомол комитетінің секретары Белетченко жолдас өзінің сөзінде облыстық комсомол комитетінің социалистік жарыс мәселесіне нақты басшылық жасай алмай отырғандығы жөнінде айтылған сынды мойындады. Мұнан кейін ол облыс комсомол ұйымының алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Жарыссөзде барлығы 10 адам сөз сөйледі.

Пленумда ұйымдастыру мәселесі қаралды. Пленум Маралбаева және Писаревская жолдастарды ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретарлығы қызметімен және бюро мүшелері құрамынан босатты. ҚЛКЖО облыстық комитетінің насихат және үгіт жөніндегі секретарлығына Ж. Нүрпейісов жолдас сайланды.

Авангардтық роль атқаруда

Колхозшы шаруалар мен колхозшы жастар ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор қуанышпен қарсы алып, еселенген жігермен еңбек етуде. Колхозды ауыл атақтарының мақсаты — ауыл шаруашылығын жылдан үлгілі аяқтап, партия мен үкметіміздің аталық қамқорлығына өндірістік табыстармен жауап беру. Осы мақсатты орындау жолында егіс бригадаларында, мал фермаларында және басқа жұмыс учас-токтерінде қайтарған еңбек...

Комбайншы комсомолец К. Құсайынов «Сталинец—6» комбайнымен соңғы үш күнде 65 гектар жердің егінін орып, 700 центнерге жуық астық бастырды. Комсомолец Е. Бейсенбаев жолдас қырман меңгерушісі болып істейді. Ол комбайндардан түскен астықтың күнбе-күн тазартылып, мемлекет қоймаларына жөнелтілуін қамтамасыз етуде.

Мал шаруашылығында жұмыс істейтін комсомолецтер де колхозшы шаруалардың зор құрметіне ие болды. Сауыншы комсо-



«Комсомолка» фабрикасының жас тігіншісі Мария Позолотинаның әрбір сменалық көрсеткіші 200 проценттен кем болған емес. Сонымен қатар, Позолотина сапа көрсеткіштерін де жақсартта түсуде.

«Комсомолка» фабрикасының жас тігіншісі Мария Позолотинаның әрбір сменалық көрсеткіші 200 проценттен кем болған емес. Сонымен қатар, Позолотина сапа көрсеткіштерін де жақсартта түсуде.

СУРЕТТЕ: тігінші Мария Позолотинаның жұмыс істеп отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

ОҚУШЫЛАР КӨМЕГІ

Жамбыл жетіжылдық мектебінің (Октябрь ауданы) оқушылары қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау ісінде колхозшыларға белсенділікпен көмектесуде. Әсіресе, Жамбыл атындағы колхоздың № 2 бригадасында Ж. Сұлтанов, Д. Жұртыбаев, Ө. Күзенбаев сыяқты оқушылар қажырлы еңбек етіп жүр. Олар көлік тырнаушымен шөп жыйнауға күнделік тапсырманы біржарым еседен орындауда.

Көптеген оқушылар шөп шабу, майлау жұмыстарында істеп жүр.

Б. МУКОВ.

Қарт хат тасушы

Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің (Октябрь ауданы) № 2 бригадасында 70 жастағы қарт Әбіш Иманбеков жолдас хат-хабар тасушы болып істейді.

Өз ісіне ұқыпты қарт хат тасушы хат-хабарларды деркезінде иелеріне тапсырып отырады. Сондықтан да ол колхозшылардың құрметіне бөленуде.

Ж. ШЕГІРОВ.

ОРАЛ ҚАЛАСЫНА ЖҮРІП КЕТТІ

Жақында облысымыздың ерлер және әйелдер волейбол командасы республикалық жарысқа қатысу үшін Орал қаласына жүріп кетті.

А. РАШЕВ.

«Ленин туының» дабылынан

Ирандағы оқыйғалар

ТЕГЕРАН, 20 август. (СОТА). Бүгін «Марде донья» газетінің төтенше номері шықты. Онда 19 августа генерал Захедидің Шаеганды (меджлис депутаты — ред.), соғыс губернаторы Ашрафиді, бас штабтың бастығы бригада генералы Рияхиді, Мохаммед Мосаддықтың баласы — Ролам Хосейн Мосаддықты, соғыс полициясының бастығы Модаберді, инженер Зирак-задені (меджлис депутаты — ред.) және басқа адамдарды тұтқындағаны атап көрсетілді.

Газет генерал Захедидің дивизия генералы Батманкльчты бас штаб бастығының қызметіне, бригада генералы Дадистанды Тегеранның соғыс губернаторы қызметіне, бригада генералы Дафтариді полицияның бас басқармасының бастығы қызметіне тағайындағандығын жариялады.

Мосаддықтың үйіне шабуыл жасаудың салдарынан 300-ден аса адам өлген және жараланған. Мосаддықтың үйі қыратылған. «Бахаре эмруз», «Шуреш», «Эттелаат», «Бесуа аянде» газеттерінің редакциялары қыратылған және бұл редакциялардың үйлері ортеп жіберілген. «Нируйе севвом» және паниранистер партияларының үйлері қыратылған.

20 августа таңертеңгі сағат 7-де (Тегеран уақыты бойынша) радио арқылы генерал Захедидің және ол тағайындаған Иран армиясының бас штабының бастығы мен соғыс губернаторының мәлімдемелері жарияланған. Захеди 24 сағаттың ішінде Мосаддықтың соғыс губернаторының канцеляриясына немесе полицияның бас басқармасына келуін талап етеді.

Генерал Батманкльчтың радио арқылы хабарланған бұйрығы бойынша Тегеранда демонстрациялар мен жыйналыс өткізуге тыйым салынған, солдаттар «өз орындарында қалып қоюға» шақырылған, Тегеран халқының автомашиналармен қала сыртына шығуына тыйым салынған. Астананың көшелерінде адамдардың 3 кісіден артық жыйналып, топтасуына тыйым салынған.

Иран астанасының көшелерін солдаттар күзетуде. Көптеген дүкендер жабылған. Газеттер шықпай қалған.

ПАРИЖ, 20 август. (СОТА). Хабар-

МАРОККОДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 20 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін 30-ға жуық танктер мен броневиктер, сол сыяқты, моторландырылған отрядтар Рабаттегі Мишуар қақпасының алдындағы позицияны өз қолдарына алған. (Мешуар — биік қорғанмен қоршалған аудан, онда Сұлтанның сарайы бар). Францияның Мароккодағы бас президенті Сұлтанмен әңгімелесу үшін Сұлтанның сарайына кеткен.

ПАРИЖ, 20 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Рабаттен Марокко Сұлтанының тағынан түсірілгендігін хабарлады.

ПАРИЖ, 20 август. (СОТА). «Монд» газетінің хабарына қарағанда, Франция-

ларға қарағанда, Ирандағы жағдай әлі көмескі күйінде қалып отыр. Провинциялардан толық мағлұмат беретін мәліметтер жоқ. Сол сыяқты, кәзіргі уақытта премьер-министр Мосаддықтың қайда екені де белгісіз.

ЛОНДОН, 22 август. (СОТА). Бүгін газеттер Ирандағы Шахты жақтаушылардың жаңа авантюрасына баса көңіл бөлуде. Кейбір газеттер бұл мәселеге редакциялық мақалалар арнаған. Газеттердің түсініктерінде Ирандағы жаңа оқыйғалар ағылшын мүдделеріне қолайлы болуы мүмкін деген «сенім» айтылады. Кейбір түсініктер Захеди мен Нагипті салыстырады.

НЬЮ-ЙОРК, 20 август. (СОТА). Баспасөздің Ирандағы оқыйғалар жайындағы хабарлары мен түсініктері осы оқыйғаларға байланысты капиталистік билеуші топтардың ашықтан-ашық қуанатындығын сипаттайды.

Өзінің бірінші бетінде «Нью-Йорк геральд трибюн» газеті «Ирандағы төңкеріске Вашингтон қуануда» деген тақырыппен хабар жариялаған. Онда былай делінген: «американдықтардың ресми өкілдері сырттай бейтарап отырса да, олар соғыс төңкерісінің алғашқы табыстарына іштей қуануда».

ТЕГЕРАН, 20 август. (СОТА). Бүгін «Атешбаре шарк» газетінің төтенше номері шықты. Онда доктор Мосаддықты генерал Захедидің жақтаушылары тұтқындады және ол Саадабад сарайына жөнелтілді деп мәлімдеген.

Газеттің осы номерінде «Ұлттық қозғалыстың» бұрынғы парламенттік фракциясының мүшелері Шаеган, Разави, Санджаби, Хасиб, Зирак-заде және басқалары қашып кеткен деп мәлімделген.

ПАРИЖ, 20 август. (СОТА). Тегераннан алынған хабарларға қарағанда, бүгін Мосаддықты жақтаушылар мен Захедиді жақтаушылардың арасында соқтығыстар болған.

Кейбір хабарларға қарағанда, Иранның оңтүстігіндегі кашкай нәсілдері Захедиді жақтаушыларға қарсы шыққан. Париж газетінің хабарына қарағанда, бұл нәсілдің, шамасы 20 мыңдай әскерлері бар көрінеді.

ның Мароккодағы бас президенті генерал Гийом Ланбель үкметімен кеңескеннен кейін өткен түнде самолетпен Париждан Рабатке келген. Ол келісімен бірден-ақ «өзі алған тиісті нұсқауларға сөйкес» Марокконың Сұлтанымен кездескен.

Францияның Министрлер Советі жариялаған мазмұндамада былай делінген: бас президентке тапсырылған келістіру міндеті бірден қарсылықтарға кездесті, бұл қарсылықтарды қарулы күштердің көмегімен ғана жеңуге болады. Франс Пресс агенттігі бүгін Сұлтанның тағынан түсірілгендігін және өзінің екі баласымен бірге Рабаттен Корсикаға жөнелтілгендігін хабарлады.

